Профсоюз и руководство компании уделяют особое внимание организации отдыха детей работников. В минувшем году более 1740 детей работников компании отдохнули в детских оздоровительных центрах Казахстана (Костанай, Алматы, Уральск) и России (Сочи). Из них 950 детей - в детском оздоровительном центре «Алау», находящемся на берегу Каспийского моря. На 2016 год профсоюзом совместно с Обществом намечена модернизация «Алау» (строительство водопровода, газопровода, котельной, создание микроклимата посредством высадки зеленых насаждений по периметру ДОЦ, а также вдоль внутренних дорожек и тротуаров, приобретение развлекательных аттракционов, прокладка по периметру ДОЦ трека для велосипедов и картингов, шириной 5 метров). Намечается увеличение количества отдыхающих детей до 1300 в 5 потоков. Все эти планы мы должны решить совместно с Правлением Общества.

Коллективный договор работников АО «Мангистаумунайгаз» заключен на 3-х летний срок, до ноября 2016 года. Нам придется подготовить и заключить новый коллективный договор. При каких экономических условиях (цене на нефть) он будет заключаться? Пока неизвестно. Поэтому нам потребуется строить взаимоотношения с работодателем и постараться сохранить основной социальный пакет: рабочие места, зарплату, оздоровление, детский отдых и т.д.

С 1 января 2016 года введен в действие новый Трудовой кодекс Республики Казахстан, подготовленный в рамках осуществления плана нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ (шаг 83).

Разработка нового Трудового кодекса стала как раз тем первым случаем практической реализации права профсоюзов на участие в разработке нормативно-правовых актов, затрагивающих трудовые взаимоотношения.

Благодаря профсоюзам закреплено понятие «представители работников», которое регламентировано за профсоюзами. Профсоюзам предоставлено широкое поле в сфере общественного контроля за соблюдением трудового законодательства. Профсоюзы настояли на том, чтобы оплата за сверхурочную работу, работу в ночное время, праздничные и выходные дни была не менее, чем в 1,5 размере исходя из дневной ставки работника. Это означает, что профсоюзы могут добиться увеличения этой ставки, закрепив ее в коллективном договоре. Новый Трудовой Кодекс РК, по сравнению с Трудовым Кодексом от 15 мая 2007 года, предусматривает минимальные стандарты трудовых отношений, определяет границы государственного вмешательства и предполагает развитие трудовых отношений между работодателем и работником по принципу саморегулирования. Таким образом, важная роль будет отводиться соглашениям, трудовым и коллективным договорам, а также актам работодателя. Учитывая, что отношения между работодателем и работниками будут в большой степени строиться путем коллективных переговоров, Коллективный договор станет основным правовым актом.

Пользуясь, случаем, от имени ОО «Локальный профессиональный союз работников АО «Мангистаумунайгаз» и лично от себя поздравляю всех наших работников, работников сервисных компаний с наступившим 2016 годом!

В этом году мы празднуем такие юбилейные даты, как - 55-летие первого фонтана нефти на полуострове Мангышлак, 50-летие со дня создания нефтедобывающего управления "Жетыбайнефть", а также 25-летие со Дня Независимости Республики Казахстан, а также 40-летие со дня образования профкома АО «ММГ»

От всей души выражаю работникам Общества благодарность за достойный труд, целеустремленность, преданность нашему общему делу!

Желаю всем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья и благополучия, успехов в решении поставленных задач!

***Айдинов Талгат Хамидуллаевич – председатель ОО «ЛПСР АО «ММГ»***

# КОЛЛЕГИ ОБМЕНЯЛИСЬ ОПЫТОМ

**В целях обмена опытом и обсуждения актуальных тем по вопросам безопасности и охраны труда десять специалистов АО «Мангистаумунайгаз» посетили АО «Каражанбасмунай». В ходе поездки наши специалисты ознакомились с работой основных цехов и участков месторождения Каражанбас: ЦДНГ-1, ПРЦЭО, ЦДПиТГ, ЦППН.**

Инженеры охраны труда и техники безопасности АО «КБМ» координируют работу на промысле путем, осуществления производственного и внутреннего контроля, подготовки и обучения персонала к экзамену, содействуют цехам в приведении документации в порядок, проводят теоретические и практические занятия по оказанию первой медицинской помощи (имеется манекен для практических занятий) и.т.д. В каждом цеху имеется свой отдельный компьютеризованный кабинет, где персонал может самостоятельно готовиться к экзамену, найти необходимый материал, пройти предварительный тест.

В ПРЦЭО по просьбе наших специалистов инженеры ОТиТБ АО «КБМ» продемонстрировали бланки по наряду - допуску на огневые работы.

На месторождении Каражанбас функционируют два цеха добычи. Нефтяники ЦДНГ-1 обслуживают около 1300 добывающих скважин. В каждой скважине имеются, счетчики, показывающие суточный замер. На 50 скважинах, установлено специальное оборудование, позволяющее автоматизировано через центр связи передавать основные параметры скважин, за всеми этими действиями, можно наблюдать с помощью интернета. Данные приборы являются экспериментальными и пока проходят ОПИ. Хочется отметить, что у каждого инженера имеется планшет, благодаря чему он может оперативно получить всю информацию о добыче, а так же заявки через почту Wellding.

По итогам ознакомления со структурой и процессом работы цехов и участков, специалисты АО «Мангистаумунайгаз» и АО «Каражанбасмунай» за круглым столом обсудили основные вопросы организации безопасности труда.

В заключение хочется отметить, что данная встреча дала специалистам очень большой опыт в сфере безопасности и охраны труда, эффективной эксплуатации месторождения, что, безусловно, является большим шагом для нашей компании.

**Бауыржан Латип,**
**Начальник отдела безопасности и охраны труда по месторождению Каламкас**

# МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ К ПОВЕДЕНИЮ ГРАЖДАН В УСЛОВИЯХ ПОТЕНЦИАЛЬНОЙ УГРОЗЫ ИЛИ СОВЕРШЕНИЯ АКТА ТЕРРОРИЗМА, А ТАКЖЕ В УСЛОВИЯХ АНТИТЕРРОРИСТИЧЕСКОЙ ОПЕРАЦИИ

**Общие рекомендации к поведению граждан в условиях потенциальной угрозы или совершения акта терроризма, а также в условиях антитеррористической операции**

• Обращайте внимание на подозрительных людей, предметы, на любые подозрительные мелочи. Сообщайте обо всем подозрительном сотрудникам правоохранительных органов;

• никогда не принимайте от незнакомцев пакеты и сумки, не оставляйте свой багаж без присмотра;

• у семьи должен быть план действий в чрезвычайных обстоятельствах, у всех членов семьи должны быть номера телефонов, адреса электронной почты;

• необходимо назначить место встречи, где вы сможете встретиться с членами вашей семьи в экстренной ситуации;

• в случае эвакуации, возьмите с собой набор предметов первой необходимости и документы;

• всегда узнавайте, где находятся резервные выходы из помещения;

• не пользуйтесь лифтом;

• старайтесь не поддаваться панике, что бы ни произошло.

**Порядок приема сообщений, содержащих угрозы террористического характера, по телефону**

• Постарайтесь дословно запомнить разговор и зафиксировать его на бумаге;

• по ходу разговора отметьте пол, возраст звонившего и особенности его (ее) речи;

• обязательно отметьте звуковой фон (шум автомашин или железнодорожного транспорта, звук теле-радиоаппаратуры, голоса, другое);

• отметьте характер звонка - городской или междугородный;

• обязательно зафиксируйте точное время начала разговора и его продолжительность;

• постарайтесь добиться от звонящего максимально возможного промежутка времени для принятия Вами решений или совершения каких-либо действий;

• незамедлительно сообщите о разговоре в правоохранительные органы;

• не распространяйтесь о факте разговора и его содержании;

• максимально ограничьте число людей, владеющих информацией;

• при наличии автоматического определения номера (АОНа) запишите определившийся номер телефона в тетрадь, что позволит избежать его случайной утраты;

• при использовании звукозаписывающей аппаратуры сразу же извлеките кассету (минидиск) с записью разговора и примите меры к ее сохранности.

Обязательно установите на ее место другую.

**Отметьте особенности речи звонившего**

*Голос:* громкий/тихий, низкий/высокий.

*Произношение:* отчетливое, искаженное, с заиканием, шепелявое, с акцентом или диалектом.

*Темп речи:* быстрая / медленная.

*Манера речи:* развязная, с издевкой, с нецензурными выражениями.

**Постарайтесь в ходе разговора получить ответы на следующие вопросы:**

• Куда, кому, по какому телефону звонит этот человек?

• Какие конкретные требования он (она) выдвигает?

• Выдвигает требования он (она) лично или выступает в роли посредника или представляет какую-то группу лиц?

• На каких условиях он (она) или они согласны отказаться от задуманного?

• Как и когда с ним (с ней) можно связаться?

• Кому Вы можете или должны сообщить об этом звонке?

**Обнаружение подозрительного предмета, который может оказаться взрывным устройством**

В последнее время часто отмечаются случаи обнаружения гражданами подозрительных предметов, которые могут оказаться взрывными устройствами. Подобные предметы обнаруживают в транспорте, на лестничных площадках, около дверей квартир, в учреждениях и общественных местах.

Как вести себя при их обнаружении и какие действия предпринять?

• Если обнаруженный предмет не должен, по вашему мнению, находиться в этом месте, не оставляйте этот факт без внимания.

• Если вы обнаружили забытую или бесхозную вещь в общественном транспорте, опросите людей, находящихся рядом. Постарайтесь установить, чья она и кто ее мог оставить. Если хозяин не установлен, немедленно сообщите о находке водителю (машинисту).

• Если вы обнаружили неизвестный предмет в подъезде своего дома, опросите соседей, возможно, он принадлежит им. Если владелец не установлен – немедленно сообщите в опорный пункт полиции.

• Если вы обнаружили неизвестный предмет в учреждении, немедленно сообщите о находке администрации или охране.

Во всех перечисленных случаях:

• не трогайте, не передвигайте, не вскрывайте обнаруженный предмет;

• зафиксируйте время обнаружения предмета;

• постарайтесь сделать все возможное, чтобы люди отошли как можно дальше от находки;

• обязательно дождитесь прибытия оперативно-следственной группы *(помните, что вы являетесь очень важным очевидцем)*.

Помните: внешний вид предмета может скрывать его внутреннее содержание. В качестве камуфляжа для взрывных устройств испоь-зуются самые обычные бытовые предметы: сумки, пакеты, коробки, игрушки и т.п.

*(Продолжение в следующем номере)*

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# БЕЛЕС БИІГІНДЕ



**Бегім Әбішұлы Қоғашев «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС директоры**

Осыдан 54 жыл бұрын қазыналы Маңғыстаудың қойнауынан күллі қазаққа жетер ризық табылды, алғашқы мұнай бұрқағы атқылады, осының бәрі құрыш білекті, от жүректі мұнайшылардың маңдай терлерінің арқасында игерілген қазына.

Еліміздің энергетикалық қуатын арттыруда, ең ірі мұнай - газ кәсіпорындарының бірі болып саналатын – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының мердігерлік компанияларының алдыңғы сапында «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тұрғандығын мақтанышпен айтуға болады.

Өткен тарихқа көз жүгіртер болсақ, «Қаламқасмұнайгаз» мұнай - газ өндіру басқармасының «Электр жабдықтарын жөндеу және электрмен қамтамасыз ету цехы» мен «Өзенэнергомұнай» өндірістік бірлестігінің № 4 өндірістік техникалық қызметі 1995 жылдың 1-наурызында «Қаламқасэнергомұнай» басқармасы болып құрылды. Сол жылдың желтоқсанында бұл басқарма «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып атауын өзгертті. 1999 жылдың қаңтар айында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының «Электр жабдықтарын жөндеу және электрмен қамтамасыз ету цехы» да «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің құрамына енді. Қазыналы Жетібай, Қаламқас өндірістік кенорындарын электрмен үздіксіз қамтамасыз етіп отырған, қазіргі таңда 600-ден астам білікті мамандар мен жұмысшылардан құрылған «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз тарихын осылай бастады.



Осы жылдың желтоқсан айында біздің ұжымымыз мерейлі 20 жылдық мерекесін атап өтті. Тарих үшін бұл қас қағым сәт. Солай десек те осы арадағы қысқа мерзім –атқарылған жұмыстарымызға ой жүгіртіп, бүгінгісін бағалайтын, болашағын бағдарлайтын белес болғандығын атап өткен жөн.

Серіктестік Қаламқас, Жетібай кенорындарындағы мұнай өндіретін нысандарды кідіріссіз электр энергиясымен қамтамасыз етіп келеді. Электр жүйелері мен қосалқы станциялардың, электр қондырғыларының жұмыс сенімділігін арттыруға арналған іс-шаралар жыл сайын сәтті және сапалы орындалуда.

Соңғы жылдар еліміздің энергетика саласын қарқынды модернизациялау және қайта жабдықтауда жаңа кезең болып табылады. 2002 – 2007 жылдары Жетібай кенорнындағы барлық 6 кВ тарату пункттерінің – 13 комплектісі және КРУН - 6кВ БКНС-7 комплектісі модернизациядан өтті, яғни қондырғылардың майлы айырғыштары вакумдық айырғыштарға толығымен ауыстырылды. Осы нысандардағы релелік қорғаныс құрылғылары заманауи микропроцессорлық қорғаныс құралдарымен алмастырылды.

Өндірістегі нысандарды үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету және тәулік бойы сапалы қызмет көрсету мақсатында Жетібай базасынан жаңа жабдықталған жатақхана салынып, электромонтерлер мен техникалық қызмет көрсетуші мамандар ауысымдық (вахта) жұмыстарға шығарылды. Сонымен қатар 2009 жылғы «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының «Жөнекей газды пайдаға асыру бағдарламасы» бойынша энергетикалық нысандарды іске қосуға көрсеткен ерен еңбектерін айтпай кетуге болмайды.

«Қаламқас» кенорнында да 35/6 кВ қосалқы станциялар қайта жабдықтаулардан өтіп, қазіргі өмір талабына сай жаңа үлгіде жұмыс жасап тұр. Облыс энергетика саласындағы соны жаңалық - 2014 жылы «Маңғыстауэнергомұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қаламқас» кенорнынан газ турбиналық электр станциясын іске қосты. Мұнайлы түбектің байлығын игеретін электр қондырғыларын арзан да тиімді, өзімізден шығатын энергия көзімен үздіксіз қамтамасыз ететін бұл станция өндіріске жаңа леп әкелгенін ерекше атап өткім келеді. Әсіресе, бүгінгідей күрделі кезеңде аса тиімді жоба болғанын уақыт дәлелдеуде.



Газ турбиналық электр станциясының бір топ қызметкерлері

Сонымен бірге «Қаламқас» кенорнынан орталықтанған жедел диспечерлік пункттің іске қосылуы өндірістегі барлық техникалық қызметтердің сапалы да, уақытылы орындалуын бақылауға және басқаруға көп мүмкіншілік берді. Жаңа техникамен жабдықталған орталықтың барлық мамандары арнайы білім алып, тәулік бойына қосалқы станциялардың, тарату пунктерінің жұмыстарын экрандағы көрсеткіштер арқылы бақылап, басқарып отырады. Бұл жабдықталған орталық нысан - қысқа уақытта бақылауға және жедел басқаруға, ақаулықтарды тез арада табуға, жөндеу уақыттарын тездетуге, сайып келгенде мұнай көлемін азайтпауға септігін тигізді. Бұл өндіріске енгізілген техникалық жаңалықтар, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Басқармасының тікелей басшылығымен және көлемді қаржылай қолдауының арқасында жүзеге асты.



Серіктестік қызметкерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, олардың әлеуметтік-материалдық мәселелерін шешу – мекеме басшылығының күнделікті қызметінің басым бағыты. «Маңғыстау-энергомұнай» серіктестігі а «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамының басқа да мердігерлік компаниялары сияқты Ұжымдық шарт қабылдап, онда жұмысшыларға барлық әлеуметтік жеңілдіктер қарастырған. Серіктестік әкімшілігі тарапынан Ұжымдық шартта көрсетілген тараптар толығымен орындалып келеді. 2014 жылдың 1- қаңтарынан бастап серіктестікте, зиянды еңбек жағдайында жұмыс жасайтын жұмысшыларға міндетті кәсіби зейнеткерлік жарна төленіп тұрады. Сол жылдың 1-сәуірінен бастап серіктестік еңбекақы төлеудің Бірыңғай жүйесіне көшті, жұмысшылардың тарифтік ставкалары, лауазымдық жалақылары көтерілді. 2015 жылғы жұмысшылардың еңбекақысы 2014 жылмен салыстырғанда 18,4 пайызға өсті.



“Қаламқас” ӨЭҚ-1 ұжымы



ӨЭҚ-2 “Жетібай” ұжымы

***Құрметті әріптестер, сала ардагерлері! Серіктестігіміздің 20 – жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын! Кішкене ғана цехтан өлкеміздің көшбастар энергетикалық кәсіпорны дәрежесіне дейін көтерілген биік жетістіктеріміз алға қарай қарқындай берсін! Әрқайсыңыздың шаңырақтарыңызға береке, бастарыңызға амандық, ел экономикасының негізі болған энергетика саласындағы ерен еңбектеріңізге сәттілік тілеймін!***



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# Береке көзі - бірлікте



Жер қойнауын игеріп, оны ел игілігіне жұмсау, халқына еңбек етіп, оның жемісін көру әр адам үшін үлкен бақыт екенін ескерсек, мамандығының нағыз майталманы мәртебесіне лайық деп танылған жандарды өз ортамыздан кездестіруге болады.

Біздің «Oil Services Company» ұжымында бүгінгі уақыт еншісінде тұрған әлемдік қиындықтың қыспағынан шығатын жол іздеп, өздерінің біліктілігі мен тәжірибелі маман екенін дәлелдеп жұмыс жасай алатын мамандардың арамызда жүргені үлкен қуантарлық жағдай.

Әлемдік дағдарыс салдарынан мұнай бағасының төмендеп, экономикалық қиыншылықтар туындаған шақта, біздің серіктестікте жұмысшыларды қысқартпай, жұмыс орнын сақтау, өзге аймақтардан да жұмыс көлемін іздестіру бағытында жедел шаралар алынуда.

Негізгі атқаратын жұмысымыз - ұңғыларды бұрғылау, күрделі және жер асты жөндеу болғандықтан осы жұмысты қажет ететін өзге аймақтардағы өндіріс орындарында ебек етудеміз.

Солардың бірі – «ҚазМұнайГаз" барлау өндіру компаниясының тапсырысымен сонау Сарқамыс өңіріндегі "Сағидолла Нұржанов" атындағы өндіріс аймағында ұңғыларды бұрғылаудан кейінгі игеруді қамтамасыз етіп жүрген "Жетібай-Сервис" өндірістік басқармасының ұңғыларды күрделі жөндеу цехындағы Н.Мурадовтың бригадасын айтуға болады. Екі ауысыммен жұмыс жасайтын қызметкерлердің еңбегі ерен, алдарына қойған міндетті абыроймен атқаруда. Бірінші ауысым құрамында Марат Нұрбергенов, Нұралы Мурадов, Рахат Сабиев, Нұрсейіт Ерғазиев, Жұмабек Еркінбаев, Алмас Жүсіп, Әлібек Нұрқуатов, Дүйсенбек Нұржанов, Есенғали Есбосынов, Бердібек Қаржаубаев, Шапағат Қобланов, Жеткізген Бүркітов, Сандибек Камелов, Муса Кампаев, Мухамбетқали Айтбаев, Зинагул Жалгасбаева, Айдын Капанов, Бауыржан Ускимбаев еңбек етсе, екінші ауысым құрамында Есимбек Қиянов, Баязит Тажиев, Аскар Қожалаков, Амандық Аминов, Қобылан Кулшанаев, Адилбек Танатов, Нурлан Джаманбаев, Асылбек Жумагалиев, Парасат Архабаев, Мырзағали Тенгельбаев, Муратқали Жакипов, Амалбай Келаманов, Батырхан Мамутов, Суюндик Маулетбаев, Омар Кемалов, Гулнар Амреева, Адилхан Бержанов, Базарбай Аманиязов, Марат Балгужаев еңбек етеді.

Құрамында 450 жұмысшысы бар үлкен цехты, осы жұмыстың қыр-сырын жетік білетін өз ісінің маманы Берден Дюсенбиев



басқарып келеді. Әр қызметкер өздеріне жүктелген кез келген жұмысты уақытында орындау керектігін жете түсінген. Алыс аймақтағы он күнде бір үйдің адамындай ынтымағы жарасып, еңбек етіп жатқан оларды көргенде татулық пен бірліктің қай уақытта да өз жемісін беретіндігіне көзің жеткендей болады.

Тәуелсіз қазақ елінің, туған Отанымыздың гүлденуіне, Елбасының "100-нақты қадам" бағдарламасының іске асуына аянбай еңбек етіп келе жатқан "ОйлСервисКомпании" серіктестігінің алда алар асаулары көп екеніне кәміл сенеміз.

**Бақтыгерей Дүсіпов**

# Мігірсіз еңбек - толағай табыс бастауы

«Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрамындағы жыл он екі ай даланың ыстық-суығына бірдей төзіп, еселі еңбек етіп жүрген құрылыс телімі, жол телімі, электр монтаждау жұмыстары телімі қызметкерлері туралы сөз қозғамақпыз. Олар Қаламқас кенорнында мұнай-газ саласының жаңа және жұмыс істеп тұрған нысандары, ғимараттары және кәсіпорындарының құрылысы, оларды қайта құрылымдау және жаңғыртудың инженерлік және жобалық жұмыстарын орындаумен айналысады.

Алғашқы рет Маңғыстау облысы, қала берді республика көлемінде соңғы жылдары қазақ мамандарының күшімен салынған бірден-бір күрделі нысандар – Қаламқастағы қабат суын алдын-ала шығару қондырғысы, технологиялық сұйықтықты айдау цехы, кәріз-тазарту ғимараты, газ-турбиналық электр стансалары күрделі құрылыстарының сапалы, діттеген мерзімде аяқталып, іске қосылуына осы жігіттердің сіңірген еңбегі зор.



- Құрылысшылар қысы-жазы мігір көрмейді. Біздің құрылысшы мамандарымыз кенорнында кез келген құрылым негізі – іргетастар, алаңқайлар салу, бетон құю және теңселме-білдектерді жинақтап орнату, блокты-топтық сорғы стансасында мұнай құйылатын буферлер орнату, қыздыру пешін салу, сондай-ақ құрылғылар сыртын торлы және басқа материалдармен қоршау, жұмысшылар жуынатын, киім ауыстыратын, операторлық орындарды, орталық қойма, кеңсе жайларын салу және жатақханаларға күрделі жөндеу, оның ішінде шатыр жабу жұмыстары, суағарлар, трансформатор ғимаратын салу, орталық кәрізді толықтай жүргізу, өртке қарсы құрылымдар, жылу-сумен қамту, сантехникалық құралдарды ауыстыру, спорт алаңдарын салу және басқа ірілі-ұсақты жұмыстар. Мен мұндалап тұрмаса да азаматтардың еңсеріп еткен еңбектері ұшан-теңіз», - дейді ұжым туралы жол-құрылыс телімі бастығының орынбасары Боран Көшкінбаев



Далалық ауа-райы жағдайларында құрылыс жұмыстарының жобалық құжаттамаларға, құрылыс нормалары мен ережелеріне, техникалық шарттарға және басқа нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуіне кәсібінің қыр-сырын меңгерген екпінді еңбек етіп жүрген жұмыс ұйымдастырушы Б.Байжігіт, шеберлер Н.Арқабаев, А.Бексейітов, темірбетон құрылмалар монтажшысы А.Жаңбыров, болат-темір құрылмалар монтажшылары Р.Атшыбаев, М.Қызылғұлов, А.Инаматұлы, электргазбен пісіруші Т.Мысаев, арматурашы А.Түсіпқалиев, бетон араластырғыш қондырғысы мәшинешісі М.Мұханов, шатыршы Б.Кенесариев, сылақшы К.Туркилбаев, ағаш шеберлері Ш.Торғаев, Е.Салихов, А.Рейпназаров, бетоншылар К.Базарбаев, Т.Жанбуршин, Р.Сейлыханов, С.Есетов, сыршы А.Дюсекешова, тас қалаушылар О.Куванов, Б.Танауов, Б.Әжібаев, Т.Бердіғұлов, О.Жаманбаев, Е.Қосановтардың үлесі сүбелі.

Өнікті еңбек етіп, лайықты құрметке ие болып жүрген механиктер Г.Бөлеубаев пен Қ.Еспулаев - пісіру агрегаттары, электр, желдету жабдықтары, жылу, кәріз жүйелерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін білікті мамандар.

Мұнай кәсіпшілігінің кез келген нүктесіне адам аяғын жеткізетін, қай жерде де ең сауапты іс қатарындағы жол салуды кәсіп еткен Сағадат Жүсіптің басшылық ететін жол телімі ұжымы Серіктестік қамтитын облыс аумағындағы бүкіл нысандарда жұмыс істейді.

Көргені мен түйгені мол, арттарынан ерген жастарға үйретері көп асфальт-бетон зауытының аға механигі С.Қараманов ауыр жүк тасымалын қамтамасыз ететін өңіріміздегі экономикалық және әлеуметтік маңызға ие Ақтау – Қаламқас жолын, кәсіпшілік ішіндегі жолдарды, алаңшаларды салуда аса қажет асфальттың сапалы да үздіксіз шығып тұруын қамтамасыз етуде асқан шеберлік көрсеткен маман ретінде абыройлы азамат. Ол еңбек ұжымы жұмысына қойылатын талаптың жоғары екендігін естен шығарған емес. Өндірісті, оның технологиясын ұйымдастыру, өндірістік үдерістерді механикаландыру және автоматтандыру, ақаудың алдын алу және өнімдер, жұмыс, қызметтердің сапасын арттыру, ресурстардың барлық түрлерін үнемдеу, еңбекті ұйымдастырудың озық үлгілерін енгізу, өнімділікті көтеру қорларын пайдалану және өндіріс шығындарын азайту жұмыстарын үнемі назарда ұстайды.

Адамдармен шынайы, іскер, ұстамды қарым-қатынас орната білетін М.Нұрбосын мен М.Ибраев еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының, өндірістік тазалық ережелерінің сақталуын үнемі бақылап, қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауы, жұмысшылардың біліктілігін арттыру жұмыстары, қоршаған ортаны қорғау шараларын жақсы жолға қойған.

Сайын дала төсіндегі тарамдалып жататын ұзын жолдың бойында техниканың көмегімен жол жұмысшылары Ж.Байтүзел, С.Досатаев, Ж.Бергенов, Н.Юсупов, У.Изгалиев жылдың төрт маусымында дамылсыз еңбек етіп, автомобиль жолдарын, жаяужолдарды салу, жөндеу, күтіп ұстау кезінде жол жабынының шөккен жерлерін қалпына келтіру, құбырлар, науаларды салу және жөндеу, автомобиль жолдарын сәулеттік көркемдеу элементтерінің жекелеген зақымдалған жерлерін түзету, бекеттеуді және жол элементтерін орналастыру, жол имараттарының жоғарғы белгілерін геодезиялық аспаптардың көмегімен анықтау, құрғатқыштар мен тастөсемдерді, сүзгілерді қалпына келтіре отырып салу және жөндеу, қоршайтын белгі беру құрылғыларын орнату, ұлғайып бара жатқан жыраларды бекіту сияқты күрделі жұмыстарды атқарады.

Өндірістік нысандарды үзіліссіз электр энергиясымен қамту, электр қондырғыларын уақытылы және сапалы жөндеу, электрмонтаждау жұмыстарын жүргізу, электр берілісі желілерін тарту, өндірістік базалар мен әкімшілік ғимараттарға қызмет көрсету және басқа жұмыстарды атқаратын электр монтаждау жұмыстары телімінің ардагер қызметкері Жолдасқали Есмағанбетов көп жыл тынымсыз адал еңбек етіп және компанияның дамуы жолында көрсеткен жоғары іскери және кәсіби шеберлігі арқасында ұжым құрметіне ие болған жан. Өндіріс тәлімгерінің міндеттеріне сергек қарап, сапалы жұмыстар атқарудан басқа да көпке үлгі боларлық қасиеттері баршылық. Жұмыстан қолы босай қалса, спортпен шұғылданады. Волейбол, теннис ойнағанда жастарды шаң қаптырып кететіні де бар. Жан-дүниесі кемел, отбасы берекелі осындай азаматтар ел қазынасы деп есептейміз.

Өткен жылда тым-тәуір жұмыстарды еңсерген біздің компания алдағы уақытта да мемлекетіміздің экономикасын алға тартушы күш болған салада әрбір мүмкіндікті қалт жібермей, іскерлікпен пайдаланып, ілгері дами беру бағытында жұмыла еңбек ететін болады деген сенімдеміз.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**



*Жұртшылықпен байланыс*

# Ұмтылысқа жол ашқан марапат



Мен - тәуелсіз мемлекетте туған бақытты баламын. Әкем Таубай Есіркепов «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында еңбек етеді.

Мен әкемнің еңбек жолын жаттап өскен ұланмын. Үйіміздегі кітап сөресіндегі «Ерлікке толы елу жыл» атты салмақты қалың кітапты парақтай отырып, әкемнің және әкем сияқты мұнайшылардың еңбектерін қадір тұтамын. Өзімнің екінші апам да әке жолын қуып, жер қыртысын зерттейтін геолог мамандығын таңдады. Қазіргі мұнай қоры азайғанда, болашаққа жерасты байлығының жаңа көздерін таппақшы.

Біздің әкеміз қызмет ететін «Маңғыстаумұнайгаз» кәсіпорнына алғысымыз шексіз. Олай дейтін себебім, компания өзінің мұнайшыларының балалары - біз сияқты жастарға зор мүмкіндіктер жасап отыр. Үздік оқушыларды Қытай мемлекетіне оқыту, студенттердің оқу ақысын төлеу, балаларды жазғы лагерьлерге жіберу, әртүрлі байқаулар сияқты шараларға мұнайшылар отбасылары өте риза . Мысалы, мен жазғы демалыста көптеген шетелдерде лагерьлерде болып, сол елдердің табиғатымен, географиясымен таныстым. Болған жерлерім туралы күнделіктер жүргіздім. Былтыр қыстық олимпиада өткен Сочи қаласында болып, ағылшын тілін шыңдап қайттық.

«Мұнайлы өлке» газетінің Маңғыстау мұнайының мерейтойына орай ұйымдастырған «Маңғыстау мұнайына 50 жыл» атты сурет конкурсына қатыстым. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президенті сайлауына, сондай-ақ мұнайшылар күніне орай ұйымдастырылған сурет көрмесіне қатысқан балалардың да әсері шексіз.

Жаңа жылдың алдында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ғимаратында 20-дан астам бала мерекелік шараның ортасында болып, ата-аналарымыз еңбек ететін ұжыммен таныстық. Компания Басқармасы «Тәуелсіз елдің қуаты – мұнайы мен газында...» деген тақырыпта ұйымдастырған шығарма конкурсына қатысқан балаларды марапаттады. Бас жүлде иегері ретінде табысталған сыйақыға кәсіби фотоаппарат сатып алдым. Егер де адам бір нәрсені шын ниетімен қаласа,оның орындалатыны туралы ендігі мезетте еш күмәнім жоқ!

Менің осы жетістігіме ата-анам, бүкіл әулетім, өзім оқитын Назарбаев зияткерлік мектебіндегі ұстаздарым мен достарым шын қуанды. Біз мұнайшы балалары компанияның өз мұнайшылары мен олардың отбасыларын назардан тыс қалдырмайтындығына куә болдық және осындай танымдық жобалар жалғаса берсе екен деген тілегіміз бар.

Мен осындай киелі елдің, қасиетті мекеннің топырағында туылғаныма, мұнайшының қызы болғаныма мақтанамын.

**Айжұлдыз Нәдірханова,**
**Назарбаев зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы**

*На передовой*

# ЗА ЗАСЛУГИ В РАЗВИТИИ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКИ




За особые заслуги в развитии электроэнергетики Республики Казахстан наш коллега – главный энергетик ПУ «Жетыбаймунайгаз» - Космурат Абуов был награжден Почетной грамотой Министра Энергетики РК .

После окончания Алматинского энергетического института в 1992 году, Космурат начал свою трудовую деятельность с должности электромонтера по ремонту и обслуживанию нефтепромыслового электрооборудования 5-го разряда ПРЦЭО и ЭС НГДУ «Комсомольскнефть». Прошел трудовой путь от электромонтера до главного энергетика управления. Грамотный руководитель, способный оперативно мобилизовать коллектив для выполнения поставленных задач, обладает большим практическим опытом. Приминал непосредственное участие в строительстве и пуске в эксплуатацию объектов на месторождениях Каламкас и Жетыбай.

С 2010 года возглавляет энергетический отдел ПУ «Жетыбаймунайгаз».

Желаем Космурату Абуову крепкого здоровья, счастья, душевной щедрости и дальнейших трудовых успехов!

**Коллектив ПУ «Жетыбаймунайгаз»**

*Қайырымдылық*

# ЖАНАШЫРЛЫҚҚА – ЖАН РИЗА

Қазақ – қайырлы істен ешқашан бас тартпаған халық. «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», - дейді дана халқымыз. Қамшының сабындай мына қысқа өмірде шама-шарқың келгенше аялы алақан мен жан жылуын аңсайтын жандарға қол ұшын бергенге не жетсін! Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фараби: «Адамның бойындағы ең асыл да, сұлу қасиет - қайырымдылық», - деген екен. Сол қайырымдылықты жасау, жәрдем сұрап қолын созған азаматтарымызға көмектесу, жаны ауырып жылаған сәби өзгенің емес, өзіміздің баламыз екенін ұмытпау – біздің азаматтық міндетіміз. Мұндай кіріптар жағдай әркайсымыздың басымызға түспесіне кім кепіл?! Осы қағиданы еске мықтап ұстаған біздің Жетібай кен орны мұнайшылары үнемі қайырымдылық шараларынан тыс қалмай келеді. Бұл жайлы «Мұнайлы өлке» газетінде бірнеше рет жазылып та жүр.

Осындай игі істердің бірі – ауру баласын шетелге емдетуге жағдайы жетпей мұнайшылардан көмек сұрап, шыр-пыр болған жас ана, Мұнайлы ауданы Басқұдық елдімекенінің тұрғыны азаматша А.Дүйсенбаеваға мұнайшы қауымының миллион теңгеден аса қаржылай көмек көрсеткенін атап айтқан жөн.

Сондай-ақ, Жетібай кентінде тұратын мұқтаж жандардың бірі– Мыңбаевтар отбасын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы ұжымы көзден таса қылған емес. Бұған дейін 500 000 теңге қаржылай көмек көрсеткен мұнайшылар қолдан келгенше қолдауда.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Жетібай кентінде тұратын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы зейнеткері, Шаркатбай Қалыбаевтың аула дарбазасын темірмен жаңартып, жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізген әріптестер Ұлы Отан соғысы ардагерінің шексіз алғысына оранып, батасын алды.

«Батаменен ер көгереді, жаңбырменен жер көгереді» деп халқымыз текке айтпаған. Осындай көненің көзіндей болған қарияларымыздың алғысы мен тұрмыс тауқыметін тартып жүрген мүжәлсіз, жағдайы қиын жандардың ризашылығын алып жүрген әріптестерімнің сауапты істері жалғасын таба бермек.

**Г.Шойтасова,**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкері**

# КОЛЛЕГИ ПРИШЛИ НА ПОМОЩЬ

**Более миллиона тенге собрал коллектив Акционерного общества «Мангистаумунайгаз» для оказания материальной помощи токарю ремонтно-механического участка ЦСПО ПД Сарсембаю Журымбаеву.**

Напомним в марте 2015 года ему был поставлен неутешительный диагноз. Сарсембай прошел несколько курсов лечения в Астане и Актау. Однако лечение дорогостоящее и средств не всегда хватает. Тем более, что семья Журымбаевых воспитывает двоих детей, а супруга Сарсембая – домохозяйка. Узнав о тяжелом положении, в которое попал коллега, коллектив ЦСПО неоднократно собирал деньги для поддержки семьи Журымбаевых. Не остался в стороне и коллектив Общества. На клич о помощи сразу откликнулись нефтяники из Каламкаса, Жетыбая и центрального аппарата. Выделил средства из собственного фонда и профком Общества. За короткие сроки было собрано более миллиона тенге.

Работники ЦСПО неоднократно посещали Сарсембая, чтобы справиться о здоровье и передать материальную помощь. И он всегда выражал огромную благодарность всему коллективу компании, всем тем, кто не остался в стороне, помог и помогает ему в это трудное время преодолеть болезнь и встать на ноги. Конечно же, мы желаем ему сил, терпения и скорейшего выздоровления.

***Коллектив ЦСПО ОГМ ПД***




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Кемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 215-267, 211-230 212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 3557